



ШЕШІМ

РЕШЕНИЕ

2021 жылғы 10 қыркүйек №63

Біргыз ауылысело Иргиз

Аудандық мәслихаттың 2021 жылғы 5 қаңтардағы №371 «2021-2023 жылдарға арналған Жайсаңбай ауылдық округ бюджетін бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Біргыз аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Аудандық мәслихаттың «2021-2023 жылдарға арналған Жайсаңбай ауылдық округ бюджетін бекіту туралы» 2021 жылғы 5 қаңтардағы (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде №7951 болып тіркелген) №371 шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

« 1. 2021-2023 жылдарға арналған Жайсаңбай ауылдық округ бюджеті тиісінше 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде, 2021 жылға мынадай көлемде бекітілсін:

1) кірістер – 13 787 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер – 487 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 10 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 0 теңге;

трансферттер түсімі – 13290 мың теңге;

2) шығындар – 14 197,7 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 0 теңге, оның ішінде:

бюджеттік кредиттер – 0 теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0 теңге;

4) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо – 0 теңге, оның ішінде:

қаржы активтерін сатып алу – 0 теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – -410,7 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 410,7 мың теңге, оның ішінде:

қарыздар түсімі – 0 теңге;

қарыздарды өтеу – 0 теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 410,7 мың теңге.».

6-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«6. 2021 жылға арналған Жайсаңбай ауылдық округ бюджетінде аудандық бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер түсетіні ескерілсін: мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсетуге - 302 мың теңге; жергілікті атқарушы органның мемлекеттік қызметшілеріне еңбекақы төлеудің жаңа жүйесін енгізуге- 3 568 мың теңге.».

2. Көрсетілген шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. Осы шешім 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

**Ырғыз аудандық
мәслихатының хатшысы**

Н.Қызбергенов